



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ


АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ  
ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ



## МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	2
2	Білім алушылардың шығудағы академиялық ұтқырлықтан өту шарттары	5
3	Республикалық бюджет есебінен оқуға үміткерлерді конкурстық іріктеу	7
4	Серіктес жоғары оқу орындарындағы оқу нәтижелерін мойындау рәсімі	9
5	Білім алушылардың академиялық ұтқырлығын қаржыландыру	10
6	Білім алушылардың кірудегі академиялық ұтқырлығын іске асыру тәртібі	12
7	Академиялық ұтқырлықты қашықтық режимінде іске асыру тәртібі	12
8	Еңсеруге келмейтін жағдайлар	13
9	Қорытынды ережелер	14
	А қосымшасы	15
	Б қосымшасы	17
	В қосымшасы	19

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 29.05.2020
	АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	2 бет

## 1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Академиялық ұтқырлық туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі – Университет) білім алушылардың академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды.

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленген:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 613 бұйрығымен бекітілген шетелде, оның ішінде, академиялық оралымдылық (ұтқырлық) шеңберінде оқытуға жіберу Қағидаларына;
- Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысымен бекітілген бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде, шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу Қағидаларына.

1.3 Құжатта қолданылатын негізгі терминдер мен анықтамалар 1.1 кестеде келтірілген.

1.1 кесте


### Терминдер мен анықтамалар

Термин	Анықтама
1	2
Академиялық кезең (Term)	Семестр, триместр, тоқсан секілді үш нысанның бірі ретінде білім беру ұйымы өздігінше белгілейтін теоретикалық оқыту кезеңі
Академиялық ұтқырлық	Білім алушыларды оқыту үшін семестр немесе оқу жылы секілді белгілі бір академиялық кезеңге игерілген білім беру бағдарламаларын өзінің жоғары оқу орнында кредит түрінде қайта тапсырумен басқа жоғары оқу орнына (елдің ішінде немесе шетелде) ауыстыру
Сыртқы академиялық ұтқырлық	Шетелдік жоғары оқу орындарында оқыту





<i>Серіктес- жоғары оқу орны (Partner university)</i>	Университетпен шарт жасаған шетелдік жоғары оқу орны немесе ғылыми ұйым
<i>Еуропалық трансферт (аудару) және кредиттерді жинақтау жүйесі (ECTS)</i>	Білім беру траекториясын, оқу орнын немесе оқитын елді ауыстырған кезде білім алушы игерген оқу пәндерін (кредиттермен және бағалармен) салыстыру және қайта тапсыруда қолданылатын білім беру бағдарламалары компоненттеріне (пәндер, курстар, модульдер) сынақ бірліктерін (кредиттерді) тағайындау тәсілі
<i>Жеке оқу жоспары</i>	Үлгілік оқу жоспары және іріктемелі пәндер каталогы негізінде білім алушы эдвайзердің көмегімен әрбір оқу жылына өздігінше құрастыратын оқу жоспары
<i>Кредит (Credit, Credit-hour)</i>	Білім алушының оқу жұмысы көлемінің бірегейленген өлшем бірлігі; Credit Transfer and Accumulation System (ECTS) – білім беру траекториясын, оқу орнын немесе оқитын елді ауыстырған кезде білім алушы игерген оқу пәндерін (кредиттермен және бағалармен) салыстыру және қайта тапсыруда қолданылатын білім беру бағдарламалары компоненттеріне (пәндер, курстар, модульдер) сынақ бірліктерін (кредиттерді) тағайындау тәсілі
<i>Академиялық ұтқырлықты үйлестіруші</i>	Академиялық ұтқырлық бағдарламасын серіктес-шетелдік жоғары оқу орындарымен және ҚР серіктес-жоғары оқу орындарымен жалпы үйлестіруді іске асыратын тұлға
<i>Академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысушы</i>	Академиялық ұтқырлық шеңберінде оқитын білім алушы
<i>Бінтымақтастық жөніндегі меморандум (Memorandum)</i>	Университет пен серіктес-жоғары оқу орны арасындағы екі жақты келісім
<i>Бінталандыру хаты (Motivation letter)</i>	Бару мақсатын және орнын, оқу мерзімін, курсың және тілін, мамандығың және болжамды қаржыландыру көздерін көрсетумен хат
<i>Оқытуға келісім (Learning agreement)</i>	Білім алушының серіктес-жоғары оқу орнында оқуға жоспарлайтын пәндердің немесе модульдердің тізбесінен тұратын келісім. Әрбір пән

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 29.05.2020
	АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	4 бет

	немесе модуль үшін атауы, ECTS коды мен кредиттері көрсетіледі
<i>Үш жақты келісім-шарт</i>	Үш жақтың құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат көрсетілген, жіберетін жоғары оқу орны, серіктес-жоғары оқу орны және білім алушының арасындағы келісім
<i>Транскрипт (Transcript)</i>	Әріппен және санмен өрнектелген кредиттер мен бағалар көрсетілген, тиісті оқыту кезеңі бойынша игерілген пәндер тізбесі бар құжат
<i>Үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average - GPA)</i>	Таңдалған бағдарлама бойынша білім алушының бір оқу жылындағы оқудағы жетістіктер деңгейінің орташа өлшемді бағасы

1.4 Академиялық ұтқырлық келесі мақсаттарда ұйымдастырылады:

- Білім алушылардың білім сапасын және деңгейін арттыру;
- Шетелдік және отандық білім беру жүйесінің жетістіктерімен танысу;
- Мамандық бойынша тәжірибелік дағдыларды, шеберлік пен біліктілікті иелену;
- Университеттің сыртқы және ішкі интеграциялық байланыстарын орнату;
- Болондық процесс ұстанымдарын іске асыру;
- Білім берудегі интеграция үшін жағдайды дамыту.

1.5 Академиялық ұтқырлық екі түрде іске асырылуы мүмкін:


- шығудағы– Университетте білім алушылар серіктес-оқу орындарына оқуға шығады;
- кірудегі – Университет серіктес-оқу орындарының білім алушыларын оқуға қабылдайды.

1.6 Академиялық ұтқырлықты ұйымдастыруға және ақпараттық қолдауға жалпы башылықты оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор іске асырады.

1.7 Университеттегі академиялық ұтқырлық бағдарламасын үйлестіруді Академиялық істер жөніндегі қызмет және Халықаралық ынтымақтастық және шығармашылық қызметі іске асырады.

1.8 Халықаралық ынтымақтастық және шығармашылық қызметі ақпараттық қолдауды, серіктес-оқу орындарымен хат жазысуды, академиялық ұтқырлық бағдарламасын үйлестіруді, ынтымақтастық жөніндегі Меморандум жасауды, визаны ашу бойынша және тұрғын үй-жай мәселелері бойынша кеңес беруді, сақтандыру полисін рәсімдеуді, ұшақ және теміржол билеттерін сатып алуды іске асырады.

1.9 Академиялық істер жөніндегі қызмет білім алушыларға жеке оқу жоспарын құруда, білім беру бағдарламаларын салыстыруда, серіктес-оқу

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 29.05.2020
	<b>АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ ТУРАЛЫ          ЕРЕЖЕ</b>	5 бет

орнындағы оқу нәтижелері бойынша кредиттерді есепке жатқызуда көмекті іске асырады, ректордың бұйрығын рәсімдеуді қамтамасыз етеді және бітіретін кафедралармен бірге білім алушының жеке оқу жоспарын құруға және іске асыруға мониторинг өткізуді іске асырады.

1.10 Серіктес-оқу орындарымен академиялық алмасу бағдарламалары бойынша мәліметтер қоры Университеттің сайтында берілген және ұдайы жаңартылып тұрады.

## **2 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒУДАҒЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚТАН ӨТУ ШАРТТАРЫ**

2.1 Академиялық ұтқырлық бағдарламасына келесі білім алушылар қатысады:

- бакалавриат және магистратура деңгейіндегі, құжаттар тапсыру кезінде бірінші (бакалавриат үшін) немесе соңғының алдындағы семестрде оқитындардан басқалар;
- үлгерімнің орташа балы (GPA) 2.67 болатын және одан жоғары;
- үлгерімі тек қана «А», «А-», «В+», «В», «В-», «С+» болатын;
- академиялық берешектері жоқ.

Үміткерлер академиялық ұтқырлық бағдарламасына өтінішті өзінің мамандығы немесе оған ұқсас мамандық бойынша бере алады.


2.2 Академиялық ұтқырлық бағдарламасын іске асыру үшін негізгі мерзім – семестр. Академиялық ұтқырлық бағдарламасын өту мерзімдері серіктес-оқу орнының академиялық күнтізбесіне сәйкес жеке түрде белгіленеді.

2.3 Академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде оқыту Қазақстанның шегіндегі, сондай-ақ, шетелдегі оқу орындарында іске асырылады.

2.4 Академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде шетелге оқытуға жіберу Университет пен серіктес-оқу орны арасындағы халықаралық келісім-шарттардың (меморандумдар, ынтымақтастық жөніндегі келісім-шарттар) негізінде іске асырылады. Меморандум болмаған жағдайда Халықаралық ынтымақтастық және шығармашылық қызметі факультеттің ұсынуымен академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушы оқуды болжап отырған жоғары оқу орнымен ынтымақтастық жөніндегі меморандум құру үшін хат жазысады.

2.5 Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқыту білім алушының меншікті қаражаты есебінен іске асырылады. Бұл ретте білім алушы Университетте ақылы негізде оқитын болса, ақылы білім беру қызметін көрсету келісім-шартында қарастырылған төлем шарттары академиялық ұтқырлықты өту кезеңінде сақталады.



 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 29.05.2020
	АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	6 бет

2.6 Жоғары оқу орындары арасындағы меморандум/шартта көрсетілген болса, академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде серіктес-оқу орнында оқыту ақысыз негізде іске асырылуы мүмкін.

2.7 Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқығысы келетін білім алушылар Университеттің сайтында электрондық пішінде өтінімді толтырады және келесі құжаттардың сканерленген түрін жібереді:

- ағымдағы үлгерімнің транскрипті;
- бакалавр дипломы, қосымшасымен (магистранттар);
- шет тілін білу деңгейін растайтын құжат (ТМД елдері үшін қажет емес).

Халықаралық ынтымақтастық және шығармашылық қызметі шет тілін білуін нақтылау үшін үміткерді әңгімелесуге шақыруы мүмкін.

2.8 Халықаралық бағдарламалармен (Erasmus+, Мевлана, т.б.) қаржыландырылатын академиялық ұтқырлық оның әрбір жеке бағдарламасының қағидаларына сай іске асырылады.

2.9 Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 613 бұйрығымен бекітілген шетелде, оның ішінде, академиялық оралымдылық (ұтқырлық) шеңберінде оқытуға жіберу Қағидаларына сай бакалавриатта білім алушы Қазақстаннан тыс жерде республикалық бюджет есебінен академиялық ұтқырлық бойынша оқу мақсатында шетелде оқу үшін өткізілетін конкурсқа қатысуына болады.

Конкурсқа қатысу қағидалары 3-тармақта берілген.

2.10 Академиялық ұтқырлық бойынша оқытуға кандидатурасы мақұлданған білім алушылар бітіретін кафедраның эдвайзерінің көмегімен серіктес-оқу орнын таңдайды, оқитын пәндер тізбесін анықтайды.

2.11 Академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысушы білім алушының белгіленген нысандағы өтінішін толтырады (А қосымшасы).


2.12 Қабылдайтын жақ білім алушыны оқуға қабылдау туралы шешім қабылдайды, бұл ресми шақырумен расталады.

2.13 Академиялық істер жөніндегі қызмет пен Халықаралық ынтымақтастық және шығармашылық қызметі оқытуға Келісімді (Б қосымшасы) және пәндердің атаулары, ECTS кредиттері, оқу семестрі және/немесе ұтқырлық ұзақтығы көрсетілетін алдын ала жеке оқу жоспарын (В қосымшасы) жасауды қамтамасыз етеді.

2.14 Білім алушының өтініші, ресми шақыруы және алдын ала жеке оқу жоспары негізінде білім алушының баратын орны және мекеменің атауы, іс-сапардың мерзімі мен мақсаты көрсетілуімен Университет ректорының бұйрығы шығарылады.

2.15 Халықаралық ынтымақтастық және шығармашылық қызметі білім алушының, Университет пен қабылдайтын жоғары оқу орнының арасында белгіленген нысанда үш жақты шарт дайындайды.

2.16 Шетелге шығатын білім алушылар шетелдік мемлекеттің Консулдығына виза алу үшін құжаттарды өздігінше тапсырады. Халықаралық

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 29.05.2020
	АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	7 бет

Ынтымақтастық және шығармашылық қызметі оларға визаны рәсімдеуде септестік етеді.

2.17 Визаны рәсімдеу үшін келесі құжаттар талап етіледі:

- Төлқұжат, оның әрекет ету мерзімі сұратылған визаның аяқталу мерзімінен, кемінде, 6 ай өткеннен кейін аяқталуы тиіс;
- Төлқұжаттың көшірмесі;
- Ресми шақырудың түпнұсқасы;
- Барлық тұру мерзіміне мейманхананың, жатақхананың орынды сақтауын (броньды) растауы немесе жалдайтын пәтер иесінің хаты;
- Неке туралы куәліктің көшірмесі (егер білім алушы некеде тұрған болса);
- Оқу орнынан анықтама, ағылшын тілінде, (Академиялық істер жөніндегі қызмет береді);
- Медициналық сақтандыру полисі;
- Банктен анықтама немесе қаржылық қолдау туралы Университеттен кепілдікті хат – академиялық ұтқырлық бойынша шетелде оқу үшін конкурста жеңіске жеткен білім алушылар үшін (Халықаралық ынтымақтастық және шығармашылық қызметі береді);
- Екі жаққа ұшақ билетінің сақталуын (броньды) растау.

Қажетті құжаттар тізбесі Консулдың талаптарына сай өзгеруі мүмкін, олармен шетелдік мемлекеттер Елшіліктерінің ресми парақтарында танысуға болады.


2.18 Академиялық істер жөніндегі қызмет пен Халықаралық ынтымақтастық және шығармашылық қызметі білім алушыларға ақпараттық және ұйымдастырушылық қолдауды қамтамасыз етеді, шетелдік жоғары оқу орнының ресми шақыруын алуға септестік етеді, білім алушыны оқуға жіберу туралы бұйрықты шығарады, оларды жіберуді іске асырады, серіктес-жоғары оқу орнында болуына және үлгеріміне мониторинг өткізеді, алынған оқу кредиттеріне және олардың білім алушының оқу жоспарында есепке алынуына талдауды өткізеді, сондай-ақ, оқитын білім беру бағдарламаларының алынатын мамандыққа сәйкестігіне жауапкершілікті көтереді.

2.19 Қабылдайтын жоғары оқу орнына келгеннен кейін білім алушы келгендігі және тіркелгендігі туралы кафедра меңгерушісін, Академиялық істер жөніндегі қызмет пен Халықаралық ынтымақтастық және шығармашылық қызметті хабардар етуі тиіс.

2.20 Серіктес-жоғары оқу орнында академиялық ұтқырлық бағдарламасы аяқталғаннан кейін білім алушы бір апта ішінде барлық қызметтер мен кафедраларды келгендігі жөнінде хабардар етуге және Академиялық істер жөніндегі қызметке Университетте оқуын қайта жалғастыруы туралы өтініш беруге міндетті.

2.21 Қайтып келгеннен кейін білім алушы тапсыруы тиіс:



 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 29.05.2020
	АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	8 бет

- Серіктес-жоғары оқу орнындағы оқу нәтижелерімен транскрипт немесе ресми құжат, оқу нәтижелерін мойындау үшін Академиялық істер жөніндегі қызметке.
- Қаржылық есеп (оқуға республикалық бюджет қаражаты есебінен жіберілген жағдайда), келгеннен кейін бес тәулік ішінде, бухгалтерлік есеп және есептілік бөліміне.

2.22 Білім алушының жеке өтініші, қабылдайтын жақтың келісуі және бітіретін кафедраның ұсынысы бойынша білім алушының оқу мерзімін ұзартуға рұқсат етілуі мүмкін. Бұл ретте қосымша шығындардың төлемін білім алушы меншікті қаражатынан қаржыландырады.

### **3 РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТ ЕСЕБІНЕН ОҚУҒА ҮМІТКЕРЛЕРДІ КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ**

3.1 Бакалавриатта білім алушыларды шетелде академиялық ұтқырлық бойынша оқытуға іріктеу конкурсы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 613 бұйрығымен бекітілген шетелде, оның ішінде, академиялық оралымдылық (ұтқырлық) шеңберінде оқытуға жіберу Қағидаларына сай өткізіледі.

3.2 Республикалық бюджет қаражаты есебінен жіберілетін үміткерлерді іріктеу үшін Университетте маслихат депутаттарының және үкіметтік емес ұйымдардан тәуелсіз сарапшылардың, сондай-ақ, қоғам қайраткерлерінің қатысуымен, кемінде, 15 адамнан тұратын үміткерлерді іріктеу Комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) құрылады. Комиссияның құрамы жыл сайын Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

3.3 Комиссияның төрағасы ректор болады. Комиссияның барлық мүшелері, төрағаны қоса, шешім қабылдау кезінде тең дауысқа ие болады. Комиссияның жиналысына оның мүшелерінің, кемінде, жартысы қатысқан болса, жиналыс құқықты саналады.


3.4 Комиссияның негізгі міндеті – орын санын анықтау және білім алушыларды іріктеуді өткізу.

3.5 Академиялық ұтқырлық шеңберінде республикалық бюджет есебінен шетелде оқу үшін конкурсқа осы Ереженің 2.1 тармағының талаптарына сәйкес келетін бакалавриатта білім алушылар қатысады.

3.6 Конкурсқа қатысу үшін үміткерлер «Академиялық ұтқырлық шеңберінде шетелде оқу үшін конкурсқа қатысуға құжаттар қабылдау» мемлекеттік қызмет стандартында көрсетілген құжаттарды тапсырады.

3.7 Білім алушылар Университет сайтында электрондық пішінде өтінімді толтырады және келесі құжаттардың сканерленген түрлерін қоса тапсырады:

- Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжаты;
- № 082/у нысандағы медициналық анықтама;

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 29.05.2020
	АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	9 бет

- Ағымдағы үлгерім туралы транскрипт;
- Шет тілін меңгеру деңгейін растайтын құжат (ТМД елдері үшін қажет емес);
- 3x4 фотосуреттері;
- Үміткер Қазақстан Республикасынан шығатын кезде он сегіз жасқа толмаған болса, оның ата-анасының, асырап алушыларының, заңды өкілдерінің жазбаша келісуі.

3.8 Сондай-ақ, үміткерлер іріктеуде артықшылықтарын дәлелдеу үшін келесі құжаттарды (сканерленген түрін) тапсыруына болады:

- Отбасының құрамы туралы құжат – білім алушының отбасының көп балалы екендігін растау үшін;
- Студенттің ата-анасының жоқтығын растайтын құжат – жетімдерге немесе ата-анасының қамқорынсыз қалған студенттерге жататын студенттер санаты үшін;
- Студенттің мүгедектігін растайтын құжат;
- Мақтау қағаздары, сертификаттар, дипломдар, алғыс хаттар.

3.9 Халықаралық ынтымақтастық және шығармашылық қызмет тапсырылған құжаттардың тізбеге сәйкестігін тексереді және Комиссияның қарастыруы үшін үміткерлерді іріктеу өлшемшарттарына сай тізімді құрады. Халықаралық ынтымақтастық және шығармашылық қызмет шынайылығын тексеру үшін құжаттың түпнұсқасын сұрастыруға құқықты.

3.10 Іріктеу өлшемшарттарына жатады:

- Шет тілін білу деңгейі;
- Ағымдағы үлгерімі;
- Көтермелеу сыйлықтарының, сертификаттардың, атақтардың, т.б. болуы.

3.11 Тілдер бойынша халықаралық сертификат (TOEFL, IELTS, DELE, CILS, DSH, HSK. т.б.) емес, басқа кез келген ресми құжат берілген болса, Халықаралық ынтымақтастық және шығармашылық қызметі оның шет тілін меңгеру деңгейін бағалау үшін үміткермен алдын ала әңгімелесуді өткізуге құқықты.

3.12 Академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға үміткерлерді іріктеуде балдары тең болған жағдайда артықшылыққа ие болады:

- 1) GPA жоғары балы бар үміткер;
- 2) шет тілі бойынша жоғары балы бар үміткер;
- 3) жетімдер немесе ата-анасының қамқорынсыз қалған студенттер;
- 4) бала жасынын мүгедектер немесе мүгедектер;
- 5) көп балалы отбасынан шыққан студенттер.

3.13 Комиссия үміткерлер тапсырған құжаттарды қарастырады және ашық дауыс беру арқылы академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға жіберу үшін білім алушылардың негізгі және резервтік тізімдерін құрады.



3.14 Негізгі тізімдегі үміткер оқуға барудан бас тартқан жағдайда оны кезегіне сай резервтік тізімдегі үміткерге алмастырады. Бас тарту жөніндегі өтінішті кез келген нысанда жазуға болады.

3.15 Комиссияның жиналысы кез келген нысанда хаттама түрінде рәсімделеді. Комиссия жиналысының барысында Университет сайтында онлайн-трансляция режимінде аудио-, бейнежазба жүргізіледі. Үміткерлерді іріктеу бойынша Комиссия жиналысының хаттамалары, аудио- және бейнежазбалары конкурс аяқталғаннан кейін кейін бір жыл бойы Университеттің мұрағатында сақталады.

3.16 Академиялық ұтқырлық шеңберінде шетелге оқуға жіберу туралы бұйрық Университеттің сайтында орналастырылады.

#### **4 СЕРІКТЕС ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН МОЙЫНДАУ РӘСІМІ**

4.1 Серіктес-жоғары оқу орындарындағы оқу нәтижелерін мойындау – академиялық ұтқырлықтың міндетті параметрі.

4.2 Білім алушының академиялық ұтқырлық бағдарламасының нәтижелерін ауыстыру және тапсыруын есепке жатқызу серіктес-жоғары оқу орындарындағы оқу нәтижесі келтірілген транскрипттің немесе ресми құжаттың негізінде іске асырылады.

4.3 Кредиттерді есепке жатқызуды комиссия іске асырады, Академиялық істер жөніндегі қызмет комиссияның шешімінің негізінде білім алушының пәнді игеріп, тапсырғандығын есепке жатқызады.


4.4 Оқу жұмыс жоспарының міндетті компоненттері бойынша академиялық айырмашылық болған жағдайда білім алушы қайтып келгеннен кейін игерілмеген кредиттерді ақысыз негізде семестрдің барысында оқиды. Белгіленген мерзімде жойылмаған академиялық айырмашылық одан әрі академиялық берешек ретінде саналады және ақылы негізде игерілетін болады.

4.5 Жеке оқу жоспарында қарастырылған кредиттер серіктес-жоғары оқу орнында дәлелді себепсіз игерілмеген жағдайда оларды игеру Университетте семестрдің барысында ақылы негізде іске асырылады.

4.6 Егер білім алушы серіктес-жоғары оқу орнында білім беру бағдарламасының шеңберінен шығатын қосымша кредиттерді игерген болса, білім алушының тілегі бойынша бұл пән оның транскриптіне енгізіледі.

4.7 Мемлекеттік білім беру грантында оқитындар үшін мемлекеттік шәкіртақы білім алушы жеке оқу жоспары бойынша академиялық ұтқырлық бағдарламасын серіктес-жоғары оқу орнында табысты аяқтаған (бағасы С+ төмен емес) жағдайда тағайындалады.



 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 29.05.2020
	АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	11 бет

## 5 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҒЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

5.1 Академиялық ұтқырлықты қаржыландыру келесілердің есебінен іске асырылады:

- білім алушының меншікті қаражаты;
- халықаралық білім беру бағдарламаларының қаражаты (Erasmus+, Мевлана, т.б.);
- республикалық бюджет қаражаты.

5.2 Академиялық ұтқырлықты халықаралық білім беру бағдарламалары есебінен қаржыландыру осы бағдарламалардың қағидаларына сай іске асырылады.

5.3 Білім алушылардың академиялық ұтқырлығына шығындарды республикалық бюджеттен қаржыландыру тиісті жылға бекітілген бюджетке сәйкес орындалады.

5.4 Республикалық бюджет есебінен жіберілетін білім алушылардың академиялық ұтқырлық бойынша оқуының шығындары 5.1 кестеде келтірілген нормативтерге сәйкес орындалады.

5.1 кесте


Академиялық ұтқырлық бойынша оқитын бакалавриат студенттерінің  
қаржылық шығындары

Норманың атауы	Норма, АҚШ долларымен	
	<i>АҚШ, Оңтүстік-Шығыс Азия елдері</i>	<i>Еуропалық Одаққа мүше елдер</i>
Екі жаққа ұшу құны	1218	600
Тұрғын үй-жайды тәулігіне жалдау бойынша шығындар нормасы	28,5	15
Медициналық сақтандыру, консулдық алдым	300	200

Академиялық ұтқырлық бойынша оқудың ұзақтығы 120 күннен аспауы тиіс.

5.5 Шығындар белгіленген сомадан асқан жағдайда айырмасы білім алушының меншікті қаржысынан төленеді.

5.6 Білім алушының академиялық ұтқырлық бойынша оқуға жіберілуі туралы Университет ректорының бұйрығы шыққаннан кейін белгіленген сома көлеміндегі алғытөлем білім алушының дербес шотына аударылады.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 29.05.2020
	АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	12 бет

5.7 Білім алушы қайтып келгеннен кейін бес тәулік ішінде бухгалтерлік есеп және есептілік бөліміне ақшалай қаражаттың нақты шығындары туралы қаржылық есеп беруге міндетті.

Қаржылық есеп үшін міндетті түрде келесі құжаттар беріледі:

- шекараны кесіп өту туралы белгі соғылған төлқұжаттың көшірмесі (сканерленген нұсқасы);
- электрондық және жол жүру билеттерін, отырғызу талондарын қоса тапсырумен көлік шығыны бойынша құжаттар. Қолма-қол есеп айырысу арқылы билет сатып алған жағдайда міндетті түрде фискальді чек болуы тиіс;
- сапардың мақсаты «оқу» ретінде көрсетілген, медициналық сақтандыру полисінің түпнұсқасы, оған төлем жасалуының расталуы;
- фискальді чек, кассалық кіріс ордері немесе шот-фактура түрінде визалық қолдауға төлем жасалуының расталуы.

5.8 Қабылдаушы жоғары оқу орнына материалдық зиян келтірген (аспаптардың, техниканың, құрал-жабдықтың сынуы, т.б.), меншікті жоғалтқан (кітаптарды, аспаптарды, т.б.) жағдайларда білім алушы қабылдайтын елдің әрекет ететін заңнамасы тәртібінде келтірген залалды қалпына келтіруге немесе алмастыруға өзінің жеке қаражатын жұмсайды.

## **6 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КІРУДЕГІ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҒЫН ІСКЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ**


6.1 Университетте серіктес-жоғары оқу орнының білім алушылары, сондай-ақ, 2.1 тармағының талаптарына және жіберетін білім беру ұйымдарының ішкі талаптарына сәйкес келетін басқа да білім беру ұйымдарының білім алушылары академиялық ұтқырлық шеңберінде оқытылуы мүмкін.

6.2 Академиялық ұтқырлық бойынша оқуды ұйымдастыру серіктес-жоғары оқу орнымен Меморандум/келісім-шартқа сай іске асырылады. Ынтымақтастық жөнінде келісім-шарт болмаған жағдайда жіберетін жақ аталған шартты жасауға ынта білдіреді.

6.3 Кірудегі академиялық ұтқырлық шеңберінде оқу студенттермен алмасу бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін ақысыз іске асырылады. Олай болмаған жағдайда оқу білім алушының жеке меншікті қаражаты есебінен іске асырылады.

6.4 Академиялық ұтқырлық бойынша Университетте оқуға тілек білдіретін білім алушылар Университет сайтында электрондық пішінде өтінімді толтырады және келесі құжаттардың сканерленген түрлерін тапсырады:

- Төлқұжат;
- Ағымдағы үлгерімі туралы транскрипт;

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 29.05.2020
	АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	13 бет

- Бакалавр дипломы қосымшасымен (магистратура үшін);
- Медициналық сақтандыру көшірмелері.

6.5 Екі жоғары оқу орнынан академиялық ұтқырлық бойынша үйлестірушілер білім алушының алдын ала жеке оқу жоспарын (В қосымшасы) мақұлдастырады және оқуға Келісімді (Б қосымшасы) жасайды.

6.6 Академиялық ұтқырлықты іске асыру тәртібі және оқу құнын төлеу білім алушы, Университет, жіберуші жоғары оқу орны арасындағы үш жақты келісім-шартпен реттелінеді.

6.7 Университетке келгеннен кейін білім алушының ректордың атына жазған өтініші негізінде оның академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға тіркелгендігі туралы бұйрық шығарылады.

6.8 Білім алушы кафедра эдвайзерінің көмегімен жеке оқу жоспарын әзірлейді және оны Академиялық істер жөніндегі қызметпен мақұлдастырады.

6.9 Оқу аяқталғаннан кейін білім алушыға белгіленген үлгідегі транскрипт беріледі.

## **7 АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚТЫ ҚАШЫҚТЫҚ РЕЖИМІНДЕ ІСКЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ**

7.1 Университет академиялық ұтқырлық шеңберінде бір-екі пәннен қашықтық режимінде оқу мүмкіндігін береді. Бұл ретте таңдалған пәндер Академиялық істер жөніндегі қызметпен, бітіретін кафедрамен мақұлдастыру бойынша білім алушының жеке оқу жоспарындағы пәндерді алмастыруы мүмкін.

7.2 Қашықтық режимінде оқытуды ұйымдастыру ынтымақтастық жөніндегі Меморандум/келісім-шартқа сай осы қызметті көрсететін серіктес-жоғары оқу орнымен іске асырылады.

7.3 Академиялық ұтқырлық шеңберінде қашықтық режимінде оқыту бір академиялық кезең барысында іске асырылады.

7.4 Басқа келіскендік болмаған жағдайда оқу үшін төлемді білім алушы жеке меншікті қаражатынан жұмсайды.


7.5 Екі жоғары оқу орнындағы академиялық ұтқырлық бойынша үйлестірушілер оқу шарттарын мақұлдастырады және оқуға Келісім жасайды.

7.6 Академиялық ұтқырлықты іске асыру және оқу құнын төлеу тәртібі білім алушы, Университет, серіктес-жоғары оқу орны арасындағы үш жақты келісім-шартпен реттелінеді.

7.7 Академиялық ұтқырлықты қашықтық режимінде өту кезеңінде білім алушы жеке оқу жоспары бойынша Университетте оқуын жалғастырады.

7.8 Академиялық ұтқырлық бойынша оқу аяқталғаннан кейін білім алушыға серіктес-жоғары оқу орны белгіленген үлгідегі транскриптіні береді.



 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 29.05.2020
	АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	14 бет

## **8 ЕҢСЕРУГЕ КЕЛМЕЙТІН ЖАҒДАЙЛАР**

8.1. Еңсеруге келмейтін жағдайларға (төтенше) жататындар: өрт, су тасқыны, жер сілкінуі, әскери қимылдар, құрсауда қалу, эпидемия, сондай-ақ, білім алушының медициналық-әлеуметтік сараптаманың тиісті анықтамасымен расталған сырқаттануы.

8.2 Академиялық ұтқырлық бойынша оқудың мерзімінен бұрын аяқталуына апаратын төтенше жағдайлар пайда болса, білім алушы еңсеруге келмейтін жағдай пайда болған сәттен бастап бес күнтізбелік күн ішінде Университетті және қабылдайтын жоғары оқу орнын, сондай-ақ, қажет болса, шетелдегі Қазақстанның Елшілігін осы жағдайлар орнағандығы туралы жазбаша нысанда хабардар етуі тиіс.

8.3 Білім алушы қайту жолының билетін мүмкіндігінше жақын күнге ауыстырып, Университетке қайтып оралуы тиіс. Барлық шығындарды білім алушы жеке меншікті қаражатынан жұмсайды.

8.4 Білім алушы қайтып оралғаннан кейін шетелде өткізген күндері үшін ақшалай қаражатының нақты шығындары туралы қаржылық есеп береді және қалған соманы қайтарады. Жаңа билеттің құны белгіленген жол жүру шығынынан асқан жағдайда, айырмасын білім алушы жеке меншікті қаражатынан төлейді.

8.5 Білім алушы өткен курстары, кредиттер мен оның бағалары көрсетілуімен серіктес-жоғары оқу орнында берілген транскриптіні Университетке тапсыруы тиіс. Бұл құжатты алу мүмкін болмаған жағдайда (курсты аяқтамауға байланысты) білім алушы қабылдайтын серіктес-жоғары оқу орнының оқу аяқталғаннан кейін транскриптіні немесе еңсерілмейтін жағдай пайда болғанға дейін игеріп үлгерген сағат саны белгіленген құжатты беруімен академиялық ұтқырлық шеңберінде қашықтық режимінде оқуды жалғастыруға дайындығын растауды тапсыруы тиіс.

8.6 Университетке қайтып оралғаннан кейін білім алушы Академиялық істер жөніндегі қызметпен мақұлдастырумен өзінің жеке оқу жоспары бойынша немесе академиялық ұтқырлық шеңберінде қашықтық режимінде оқуды жалғастырады.

8.7 Егер серіктес-жоғары оқу орны білім алушыға транскрипт бермеген болса және бастаған курсың қашықтықтан игеру мүмкіндігі берілмеген болса, еңсерілмейтін жағдай пайда болғанға дейін өткен сағат саны көрсетілген серіктес-жоғары оқу орнының құжатына сай комиссия кредиттер жабылуы және қайта есептелуі үшін қажетті сағат санын белгілейді.

8.8 Белгіленген семестрде білім алушымен жабылған пән академиялық ұтқырлық нәтижесінде игерілген болып саналады.



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӘНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ

ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ

2 нұсқасы:  
29.05.2020

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ

15 бет

## 9 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

9.1 Осы Ереже бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңаға алмастырғанға дейін әрекет етеді.

9.2 Ережеге өзгертулер мен толықтыруларды Университеттің бөлімшелерінің ұсынулары бойынша Ғылыми кеңес енгізеді.



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ

ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ

2 нұсқасы:  
29.05.2020

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ

16 бет

А қосымшасы

ECTS - EUROPEAN CREDIT TRANSFERS SYSTEM

Білім алушының өтініші Photo

Академиялық жыл 20.../20...

Оқыту бағыты: .....

Бұл нысан жіберген жағдайда жақсы берілуі үшін қара түспен толтырылуы тиіс

**Жіберуші жоғары оқу орны**

Атауы және толық мекенжайы:

.....

Департамент үйлестірушісінің аты-жөні, тел., факс, e-mail

.....

Жоғары оқу орнының үйлестірушісінің аты-жөні, тел., факс, e-mail

.....

Білім алушының жеке мәліметтері

(студенттің өзі толтырады)

Тегі: .....

Есімі: .....

Туған күні: .....

Жынысы: .....

Азаматтығы: .....

Туған жері: .....

Тұрақты мекен-жайы (басқа болса):

Қазір тұратын

мекенжайы: .....

.....

Дейін әрекет етеді: .....

Tel.: .....

Tel.: .....

**Осы өтінімді алатын жоғары оқу орындарының тізімі (артықшылық беру тәртібінде):**

Жоғары оқу орны	Ел	Оқу кезеңінің басы/соңы		Өту мерзімі (айлар)	Күтілетін ECTS кредиттерінің N°
1.....	.....	.....	.....	.....	.....
2.....	.....	.....	.....	.....	.....
3.....	.....	.....	.....	.....	.....

Білім алушының аты-жөні:

.....

Жіберуші жоғары оқу орны:..... Ел:

.....

Шетелде оқығыңыз келетіндігі себепін қысқаша түсіндіріңіз

.....

.....





ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ

ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ

2 нұсқасы:  
29.05.2020

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ

17 бет

### Тіл білуі

Ана тілі: ..... Өзінің жоғары оқу орнындағы оқу тілі (басқа болса): .....						
Басқа тілдер	Қазіргі кезде үйренудемін		Оқу үшін жеткілікті білемін		Қосымша дайындықтан өтсем, жеткілікті білетін боламын	
	иә	жоқ	иә	жоқ	иә	жоқ
.....	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
.....	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
.....	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

### Оқуға байланысты жұмыс тәжірибесі (бар болса)

Жұмыс тәжірибесі	Фирма/ұйым	Күні	Ел
.....	.....	.....	.....
.....	.....	.....	.....

### Алдыңғы және қазіргі оқуы

Қазіргі кезде алу үшін оқып жүрген диплом/дәреже.....

Шетелге шыққанға дейін жоғары білім алуда оқыған жыл саны:.....


Шетелде болдыңыз ба?      иә       жоқ

Иә болса, қайда және қандай жоғары оқу орнында?  
.....

**Алдыңғы және қазіргі оқудың барлық бөліктерін сипаттаумен толық транскрипт қоса беріледі. Өтінім берген кезде қол жетімді болмаған мәліметтерді кейінірек беруге болады.**

Шетелде оқуға байланысты қосымша шығындарды жабу үшін ұтқырлық бойынша грантка өтініш бергіңіз келеді ме?      иә       жоқ

**Қабылдаушы жоғары оқу орны**  
Өтінімді, ұсынылған оқу бағдарламасы мен транскрипт алғанымызды растаймыз.  
Көрсетілген білім алушы  
Біздің жоғары оқу орнында оқуға қабылданды  Біздің жоғары оқу орнында оқуға қабылданбады   
 Жоғары оқу орны үйлестірушісінің қолы  
Департамент үйлестірушісінің қолы  
.....  
Күні: .....      Күні: .....

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 29.05.2020
	АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	18 бет

Б қосымшасы

ОҚЫТУҒА КЕЛІСІМ

Академиялық жыл 20..../20....

Оқыту бағыты: .....

Оқыту кезеңі: .....

Білім алушының аты-жөні: Жіберуші жоғары оқу орны: Ел:
--

Шетелде оқу бағдарламасының бөліктері

Қабылдаушы жоғары оқу орны: Ел:
------------------------------------

Курстың/пәннің коды (бар болса)	Курстың/пәннің атауы	Семестр	Қабылдаушы жоғары оқу орнының кредиттері	ECTS кредиттері

Студенттің қолы:..... Күні:.....
----------------------------------

Жіберуші жоғары оқу орны: <b>1 Ұсынылатын оқыту бағдарламасы бекітілгендігін растаймыз</b> Департамент үйлестірушісінің қолы _____ Жоғары оқу орны үйлестірушісінің қолы _____ _____ Күні:----- Күні: -----
---

Қабылдаушы жоғары оқу орны: Оқыту бағдарламасында жоғарыда келтірілген өзгерістер бекітілгендігін растаймыз Департамент үйлестірушісінің қолы _____ Жоғары оқу орны үйлестірушісінің қолы _____ _____ Күні:----- Күні: -----
--

Алғашқыда ұсынылған оқыту бағдарламасына енгізілген өзгерістер (енгізілген болса, толтырылады)

Білім алушының аты-жөні: <b>1.1.1 Жіберуші жоғары оқу орны:</b> Ел:
---



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ

ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ

2 нұсқасы:  
29.05.2020

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ

19 бет

Курстың/ пәннің коды (бар болса)	Курстың/пәннің атауы (ақпараттық пакетте көрсетілгендей)	Семестр	Алынған Курс (юнит)	Қосылған Курс (юнит)	ECTS кредиттері

Студенттің қолы:..... Күні:.....

**Жіберуші жоғары оқу орны:**

Алғашқыда ұсынылған оқыту бағдарламасына енгізілген өзгерістердің бекітілгендігін растаймыз.

Департамент үйлестірушісінің қолы

Жоғары оқу орны үйлестірушісінің қолы

Күні:-----

Күні: -----

**Қабылдаушы жоғары оқу орны:**

Алғашқыда ұсынылған оқыту бағдарламасына енгізілген өзгерістердің бекітілгендігін растаймыз.

Департамент үйлестірушісінің қолы

Жоғары оқу орны үйлестірушісінің қолы

Күні:-----

Күні: -----





В қосымшасы

Алдын ала жеке оқу жоспары

Білім беру бағдарламасы \_\_\_\_\_

Оқу деңгейі \_\_\_\_\_

Курс \_\_\_\_\_

Білім алушының аты-жөні \_\_\_\_\_

N	ҚазҰӨУ оқу жұмыс жоспары				Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша		
	Білім беру компонентінің атауы	Компонент және цикл	Кредиттер саны		Білім беру компонентінің атауы	Кредиттер саны РК/ECTS	Қайта есепке жатқызу /айырмасы
РК			ECTS				
1							
2							
3							

Эдвайзер \_\_\_\_\_  
(қолы) (аты-жөні)Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_  
(қолы) (аты-жөні)**МАҚҰЛДАНҒАН:**Факультет деканы \_\_\_\_\_  
(қолы) (аты-жөні)Тіркеуші–офистің басшысы \_\_\_\_\_  
(қолы) (аты-жөні)Білім алушы \_\_\_\_\_  
(қолы) (аты-жөні)

Күні « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.